20887314475

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 ақпан №4360-24-00-2/251 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта Л.Ж.Алтынбаева болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«F&Company» атауымен әрекет етуші Фархат Абдусаматович Хаимов дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.А.Пернебек
талап қоюшының өкілі Г.Р.Избаева
жауапкердің өкілі А.Н.Нурлыкарим

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 9 қарашасында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №122 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 823 472 теңгеге 52 000 дана «Шприц», 45 бума «Индикатор», 5 000 дана тығынды зонд тауарларын келісімшартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылдың 26 қарашасына дейін жеткізуге міндеттенген.

2023 жылдың 22 желтоқсанында Шарт бір жақты бұзылған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 07.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 08.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 08.04.2024

Соттың 2024 жылғы 29 ақпандағы ұйғарымымен талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған бөлігі дауды алдын ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі сақталмауына байланысты қараусыз қалдырылды.

Жауапкер сотқа қарсы пікір ұсынбаған.

Талап қоюшының өкілі Г.Р.Избаева талап қоюын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі А.Н.Нурлыкарим талаппен келіспей, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Э.А.Пернебек талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттардың 5.4-тармағына сай Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні депөнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер тауарды жеткізбей, өз міндеттемесін орындамаған.

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді деп саналып, қанағаттандырылуға жатады деп сот тұжырымдайды.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 08.04.2024

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «F&Company» атауымен әрекет етуші Фархат Абдусаматович Хаимов дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «F&Company» атауымен әрекет етуші Фархат Абдусаматович Хаимов дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «F&Company» атауымен әрекет етуші Фархат Абдусаматович Хаимов дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 08.04.2024

4360-24-3-1/211